

**Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (62-шығарылым) бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 255-ө-м Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 30 шілдеде № 7812 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 24 ақпандағы № 68 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2020 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 125-бабына сәйкес жұмыстардың белгілі бір түрлерінің күрделігін белгілеу, жұмысшыларға біліктілік разрядтарын беру және кәсіптерінің дұрыс атауларын айқындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (62-шығарылым) бекітілсін.

2. Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті (А.Ә. Сарбасов) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) бұйрықтың ресми және мерзімді баспасөз құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Г. Әбдіқалықова

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрінің  
2012 жылғы 25 маусымдағы  
№ 255-ө-м бұйрығымен бекітілді

**Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (62-шығарылым)**

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығының (62-шығарылымы) (бұдан әрі - БТБА) "Тұрмыстық қызметтер саласындағы жұмыстар" бөлімінен тұрады.

2. Жұмыстардың разрядтары еңбек жағдайлары ескерілмей (еңбектің күрделілігі деңгейіне әсер ететін және орындаушының біліктілігіне қойылатын талаптарды жоғарылататын төтенше жағдайларды қоспағанда) белгіленді.

3. Әрбір кәсіптің тарифтік-біліктілік сипаттамалары "Жұмыс сипаттамасы" және "Білуге тиіс" бөлімдерінен тұрады. "Жұмыс сипаттамасы" бөлімі жұмысшы орындай алуға тиісті жұмыстардың сипаттамасын қамтиды. "Білуге тиіс" бөлімі жұмысшыға арнайы біліміне, сондай-ақ жұмысшы қолдануға тиіс ережелерді, нұсқаулықтар мен басқа да материалдарды, әдістер мен құралдарды білуіне қатысты қойылатын негізгі талаптарды қамтиды.

4. Тарифтік-біліктілік сипаттамаларында жұмысшы кәсібінің осы разрядына тән жұмыстардың тізбесі келтіріледі. Бұл тізбе жұмысшы орындай алатын және орындауға тиіс барлық жұмыстарды қамтымайды. Қажет болған жағдайда жұмыс беруші айрықшалықтарды ескере отырып, жұмысты орындау күрделілігіне сәйкес келетін жұмыстардың қосымша тізбелерін әзірлей алады, олар тиісті разрядтағы жұмысшы кәсіптердің тарифтік-біліктілік сипаттамаларында бар.

5. "Жұмыс сипаттамасы" бөлімінде көзделген жұмыстардан басқа, жұмысшы ауысымды қабылдау және тапсыру, жұмыс орнын, айлабұйымдарды, құралдарды жинастыру, сондай-ақ оларды тиісті жағдайда ұстау, белгіленген техникалық құжаттаманы жүргізу жөніндегі жұмысты орындауға тиіс.

6. "Білуге тиіс" бөлімінде қамтылған теориялық және практикалық талаптармен қатар, жұмысшы: еңбекті қорғау, өндірістік санитария мен өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен нормаларды, жеке қорғану құралдарын пайдалану ережесін, орындалатын жұмыстың (қызметтің) сапасына, жұмыс орнында еңбекті тиімді ұйымдастыруға қойылатын талаптарды, брак түрлерін және оның алдын алу мен жоюдың тәсілдерін, өндірістік дабылдатуды білуге тиіс.

7. Біліктілігі анағұрлым жоғары жұмысшы өзінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында санамаланған жұмыстармен қатар, анағұрлым біліктілігі төмен жұмысшылардың тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген жұмыстарды орындай алуға, сондай-ақ осы кәсіптегі анағұрлым төмен разрядтағы жұмысшыларға басшылық жасай білуге тиіс. Осыған байланысты, анағұрлым төмен разрядтар кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында келтірілген жұмыстар, анағұрлым жоғары разрядтар кәсіптерінің сипаттамасында әдетте, көрсетілмейді.

8. Тарифтік-біліктілік сипаттамалары, ерекше ескертілген жағдайлардан басқа, осы бөлімдерде көрсетілген өндірістер мен жұмыс түрлері бар ұйымдардың

меншік нысанына және ұйымдық–құқықтық нысанына қарамастан, олардағы жұмысшылардың жұмыстарын тарификациялаған және біліктілік разрядтарын белгілеген кезде міндетті болып табылады.

9. Қызметкердің еңбек кітапшасын толтыру кезінде, сондай-ақ тарифтік разрядты өзгерту кезінде оның кәсібінің атауы БТБА-ға сәйкес жазылады.

10. Қолданылуға ыңғайлы болу мақсатында, БТБА-да алфавиттік көрсеткіште қосымша көзделген, онда жұмысшылар кәсіптерінің атауы, разрядтардың диапазондары және беттердің нөмірленуі қарастырылған.

11. "Тұрмыстық қызметтер саласындағы жұмыстар" бөлімінде қарастырылған жұмысшы кәсіптері атауларының, олардың БТБА шығарылымы бойынша қолданыстағы атаулары көрсетілген тізбесі 1987 жылғы редакциясында берілген.

## **2-бөлім. Тұрмыстық қызметтер саласындағы жұмыстар**

### **1. Іш киімдерді кептіру қондырғыларының аппаратшысы**

#### **Параграф 1. Іш киімдерді кептіру қондырғыларының аппаратшысы, 2-разряд**

12. Жұмыс сипаттамасы:

іш киімдер мен бұйымдарды кептіру машиналарында (барабандарда) және кулисті кептіру шкафтарында кептіру;

радиоактивті заттармен ластанған мақта-мата және лавсанды арнайы киімдерді кептіру машиналарында (барабандарда) және кулисті кептіру шкафтарында кептіру;

кептіру барабандары мен кулистерді жұмысқа дайындау;

ішкіім мен бұйымдарды барабандарға салу;

кептіру кулистерінде белгіленген тәртіппен ілу;

ішкіім мен арнайы киім түрлерін кептіру ұзақтығын анықтау;

кептіру процесін тексеру, кептіру барабандары мен кептіру шкафтарындағы температуралық режимді бақылау;

ішкіім мен арнайы киімді, бұйымдарды кептіру барабандарынан алу және кірді кептіру кулистерінен түсіру;

кепкен киімдердің ылғалдылығын анықтау;

дезактивациялау цехынан қабылданған арнайы киімнің радиоактивті заттармен ластану деңгейін қабылдау-тапсыру құжаттарына сәйкес анықтау.

13. Білуге тиіс:

радиоактивті заттармен ластанған мақта-мата және лавсанды арнайы киімдерді кептіру машиналарында (барабандарда) және кулисті кептіру шкафтарында кептіру технологиясын;

кептіру барабандары мен шкафтарының типтерін;

іш киімдер мен бұйымдарды кептіру барабандары мен кулистерге салу нормаларын;

кептіру барабандары мен кулистерді құрылымы мен жұмыс принципін, кептіру жабдығы пайдалану ережесін;

радиоактивті заттармен жұмыс істеудің санитарлық ережесін.

## **Параграф 2. Іш киімдерді кептіру қондырғыларының аппаратшысы, 3-разряд**

14. Жұмыс сипаттамасы:

пенкалы арнайы киімді және арнайы аяқ киімді барботаж ванналарында кептіру;

өлшеу аспаптары мен кептіру жабдығы көрсеткіштерінің дұрыстығын тексеру;

кептіргеннен кейін дозиметриялық бақылауға қатысу.

15. Білуге тиіс:

пенкалы арнайы киімді, жеке қорғану құралдары мен арнайы аяқ киімді кептіру технологиясын;

кептіру жабдығын пайдалану және тексеру ережесін;

стационарлық аспаптарда өлшеу әдістерін;

радиоактивті заттармен жұмыс істеудің санитарлық ережесін;

материалдардың қасиеттерін, кептірудің жылу режимін және қауіпсіздік техникасы ережесін.

## **2. Химиялық бояу аппаратшысы**

### **Параграф 1. Химиялық бояу аппаратшысы, 3-разряд**

16. Жұмыс сипаттамасы:

бұйымды органикалық ерітінділермен өңдеу және оларды қолмен немесе автоматты басқарылатын химиялық бояу машиналарында арнаулы препараттармен сіңірмелдеу процесін біліктілігі анағұрлым жоғары аппаратшының басшылығымен жүргізу;

бактардағы ерітіндінің деңгейін анықтау және қажетіне қарай оны толтыру;

сүзу ұнтағын сүзгі элементтерін жағу;

бұйымдарды ілеспе құжатта бойынша қабылдап алу және оны жұмыс орнына жеткізу;

өндірістік партияның салмағын тексеру;

ерітіндіні дистилляциялау;

бұйымды келесі технологиялық операцияға жіберу.

17. Білуге тиіс:

өңдеуге келіп түсетін бұйымдардың ассортименті мен маркировкасын;  
материалдардың түрі мен талшық құрамын;  
химиялық тазалау машиналарының құрылымы, техникалық пайдалану және қызмет көрсету ережесін;  
дистилляциялау қондырғысының негізгі тораптарының нысанын, бұйымды органикалық ерітінділермен өңдеудің технологиялық процесін;  
бұйымды салу және түсіріп алу ережесін, органикалық ерітінділердің бұйымға әсерін: фурнитура мен өңдеу материалдарын.

## **Параграф 2. Химиялық бояу аппаратшысы, 4-разряд**

### **18. Жұмыс сипаттамасы:**

бұйымды органикалық ерітінділермен өңдеу және оларды қолмен немесе автоматты басқарылатын химиялық тазалау машиналарында;

сондай-ақ өзіне өзі қызмет көрсету учаскелеріндегі химиялық тазалау аппараттарында арнаулы препараттармен сіңірмелеу процесін жүргізу;

белсендірілген көмірді адсорберде регенерациялау;

бұйымның ластану деңгейіне, ассортименті мен түсіне, түріне, талшық құрамына және материалдың тығыздығына қарай өңдеудің технологиялық режимін анықтау;

техника қауіпсіздігі және машинаны пайдалану ережесі бойынша клиенттермен нұсқаулық өткізу;

клиенттердің бұйымдарды дұрыс жинақтауын, оларды салуы мен алуын бақылауды жүзеге асыру;

тапсырысты немесе түбіртеккі касса ведомосына тіркеу, өңдеу үшін преysкурантқа сәйкес ақы алу, жетондарды беруі, қажетгі құжаттаманы ресімдеу және түскен ақшаны белгіленген тәртіппен өткізу;

жабдықтың жұмыс есебі жөніндегі журналды, ертінді шығысының есебін жүргізу.

### **19. Білуге тиіс:**

химиялық тазалау машиналарының құрылымын, техникалық пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

бұйымды органикалық ерітінділермен және арнаулы препараттармен өңдеудің технологиялық процесін;

өндірістік партияларды жинақтау ережесін;

органикалық ерітінділердің, сіңірмелеу ерітінділерінің қасиеттерін және олардың бұйымға әсерін, фурнитура мен өңдеу материалдарын, сіңірмелеу ертінділерін дайындау ережесін;

қолданылатын химиялық материалдардың шығыс нормасын, бұйымның өңделу сапасына қойылатын талаптарды.

### **Параграф 3. Химиялық бояу аппаратшысы, 5-разряд**

20. Жұмыс сипаттамасы:

бұйымды органикалық ерітінділермен өңдеу және оларды бағдарламалы басқарылатын химиялық тазалау машиналарында, арнаулы препараттармен сіңірмелдеу процесін жүргізу;

таңдалған технологиялық режимге сәйкес бағдарлама картасын іріктеу және оны құрылғыға орнату;

біліктілігі анағұрлым төмен аппаратшының жұмысына басшылық ету.

21. Білуге тиіс:

орнатылған қызмет көрсететін жабдықтың құрылымын;

техникалық пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

автоматиканың, бақылау-өлшеу аспаптарының, сүзгінің, дистиллятордың, суды айырғыштың және машинаның, адсорбциондық қондырғының басқа да тораптарының құрылымы жүйесін, бағдарламалық карталарды іріктеу принципін және технологиялық процестің жекелеген сатыларының ұзақтығын реттеу тәсілдерін.

### **3. Кілем бұйымдарды тазалау аппаратшысы**

#### **Параграф 1. Кілем бұйымдарды тазалау аппаратшысы, 3-разряд**

21. Жұмыс сипаттамасы:

кілем бұйымдарды өңдеу процесін шаңсыздандыру машиналарында жүргізу;

бұйымдарды ілеспе құжаттар бойынша қабылдап алу және жұмыс орнына жеткізу;

бұйымдарды түрлері, көлемі және талшық биіктігі бойынша сұрыптау.

22. Білуге тиіс:

шаңсыздандыру машиналарының құрылымын, техникалық пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

кілем бұйымдарды өңдеудің технологиялық процесін, кілем бұйымдарды шаңсыздандыру сапасына қойылатын талаптарды.

#### **Параграф 2. Кілем бұйымдарды тазалау аппаратшысы, 4-разряд**

23. Жұмыс сипаттамасы:

кілем бұйымдарды өңдеу процесін кептіру және булаушы қондырғыларда жүргізу, өңдеу сапасын бақылау;

материалдың түріне, талшық құрамына және қарай кетіру мен булаудың технологиялық режимін анықтау;

талшық пен кистілерді қолмен щеткамен тарау;

бұйымды экспедиция бөлімшесіне тапсыру.

24. Білуге тиіс:

өңдеуге келіп түскен кілем бұйымдардың ассортиментін;

түрі мен талшық құрамын, орнатылған жабдықтың құрылымын;

техникалық пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

кілем бұйымдарды өңдеу мен кептірудің технологиялық режимін;

кілем бұйымдарды өңдеудің сапасына қойылатын талаптарды.

### **Параграф 3. Кілем бұйымдарды тазалау аппаратшысы, 5-разряд**

25. Жұмыс сипаттамасы:

кілем бұйымдарды өңдеу процесін жуу машиналарында жүргізу;

кілем бұйымдарды арнаулы препараттармен сіңірмелеу;

жуу және арнаулы сіңірмелеу ертінділерін белгіленген рецептура бойынша дайындау;

кілем бұйымдардың түріне және ластану деңгейіне қарай өңдеудің технологиялық режимін анықтау;

орнатылған жабдықты профилактикалық қарауға және техникалық қызмет көрсетуге қатысу.

26. Білуге тиіс:

жуу машиналарының құрылымын, техникалық пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

кілем бұйымдарды өңдеудің және арнаулы ертінділермен сіңірмелеудің технологиялық режимін;

жуу және арнаулы сіңірмелеу ертінділерін дайындау ережесін және олардың бұйымға әсерін, бұйымдарды өңдеу сапасына қойылатын талаптарды.

## **4. Мамық-қауырсын бұйымдарды тазалау аппаратшысы**

### **Параграф 1. Мамық-қауырсын бұйымдарды тазалау аппаратшысы, 4-разряд**

27. Жұмыс сипаттамасы:

мамық пен қауырсынды өңдеу процесін мамық-қауырсын бұйымдарды тазалауға арналған машиналарда жүргізу;

бағдарламалық картаны іріктеу және оны бағдарламалы құрылғыға орнату;

арнаулы ертінділерін белгіленген рецептура бойынша дайындау;

бұйымды ілеспе құжат бойынша қабылдау және жұмыс орнына жеткізу;

бұйымды өлшеу;  
астар жіктерін сөгу;  
мамық пен қауырсынның жай-күйіне қарай өңдеудің технологиялық режимін анықтау;  
мамық пен қауырсынды астарға бөліп салу;  
жабдықтың жұмысы жөніндегі журналды жүргізу;  
бұйымды келесі технологиялық операцияға тапсыру.

28. Білуге тиіс:

мамық-қауырсын бұйымдарды тазалауға арналған машиналардың құрылымын;  
техникалық пайдалану және қызмет көрсету ережесін;  
өңдеудің технологиялық режимін, бұйымды салу және түсіріп алу ережесін;  
арнаулы ертінділерін дайындау ережесін;  
қолданылатын химиялық материалдардың шығыс нормасын, бұйымдарды өңдеу сапасына қойылатын талаптарды.

## **5. Үтіктеуші**

### **Параграф 1. Үтіктеуші, 1-разряд**

29. Жұмыс сипаттамасы:

бұйымдарды қолмен үтіктеу үшін бүріккішпен немесе қолмен ылғалдандыру;  
бұйымды ылғалдауға арналған бүріккіштің жарамдылығын немесе бұйымды қолмен ылғалдауға қажетті айлабұйымның болуын тексеру;

жұмыс орны мен бұйымдарды жинауға арналған стеллаждардың немесе ларьдың болуын тексеру;

жол талонының болуын тексеру;

заттарды стеллаждарға немесе ларьға салу.

30. Білуге тиіс:

үтіктеудің және заттарды үтіктеуге дайындаудың қолданыстағы технологиялық ережесін,

заттардың цехтағы жылжуы жөніндегі өндірістік құжаттаманы;

бүріккіштердің құрылымын және пайдалану ережесін, түрлі бұйымдар мен заттардың жол берілетін шекті ылғалдылық процентін, заттарды бүктеудің және ораудың ережесін;

ақ және түсті киімнің бөгу ұзақтығын.

### **Параграф 2. Үтіктеуші, 2-разряд**

31. Жұмыс сипаттамасы:



тік және фасонды, мақта-мата, крахмалданған және крахмалданбаған киімдерді әртүрлі жүйедегі электр үтікпен үтіктеу;  
киімді үтіктеудің технологиялық кезектілігін анықтау;  
матаның түріне сәйкес үтіктің жұмыс табанының қызу температурасын анықтау;  
ылғалды киімді жазу және үстелге салу;  
электр үтікті қыздыру температурасын реттеу;  
бракты анықтау және жою;  
заттарды белгіленген тәртіппен бүктеу;  
заттарды механикалық немесе қол таптауышпен таптау.

### 32. Білуге тиіс:

киім ассортиментін, матаның түрлері мен қасиеттерін, мақта-мата киімді қолмен үтіктеудің технологиялық процесін;

үтіктеуге келіп түскен киімнің ылғалдау деңгейін, крахмалданған және крахмалданбаған киімдерді үтіктеу үшін үтіктің жұмыс табанының қызу температурасын анықтау жолдарын;

үтіктегеннен кейін киімді дұрыс бүктеу ережесін, әртүрлі жүйедегі электр үтіктердің құрылымы мен пайдалану ережесін;

үтіктеу үстелдерінің типтерін, олардың мөлшері мен оларға қойылатын талаптарды;

киімді қосымша ылғалдауға арналған бүріккіштің құрылымын, брактың түрлерін және олардың алдын алу жолдарын;

жекелеген өндірістік партия киімдерін үтіктеудің кезектілігін.

## **Параграф 3. Үтіктеуші, 3-разряд**

### 33. Жұмыс сипаттамасы:

тік крахмалданған және крахмалданбаған киімдерді каландрларда, бу, электр және вакуумды таптауыштарда, фасонды крахмалданған және крахмалданбаған киімдерді престерде үтіктеу;

машиналардың жұмыс бетін тегіс пайдалану үшін киімнің тиісті ассортиментін іріктеу;

Киімді таптауыштың қыспа валиктеріне немесе каландрдың кірме транспортеріне қыртысын жаза отырып беру, тақта жастықшасындағы киімді жазып салу, үстіңгі тақтаның қысу күшін реттеу, ерлердің көйлектерін механикалық бүктегішпен бүктеу;

жүннен, жібектен және синтетикалық маталардан жасалған киімдер мен бұйымдарды, тоқыма бұйымдарды, қатты және айрықша қатты крахмалданған ерлердің көйлектерін мен басқа да заттарды электр үтікпен үтіктеу;

жүн, жібек және синтетикалық маталардан жасалған киімдер мен бұйымдарды, тоқыма бұйымдарды, қатты және айрықша қатты крахмалданған ерлердің көйлектерін үтіктеудің технологиялық кезектілігін анықтау;

матаның түріне сәйкес үтіктің жұмыс табанының қызу температурасын анықтау;

ылғалды киімді жазу және үстелге салу;

электр үтікті қыздыру температурасын реттеу;

радиоактивті заттармен ластанған мақта-мата және лавсанды арнайы киімдерді радиоактивті заттармен ластанудың сипатына, түріне және дәрежесіне қарай технологиялық кезектілігін сақтай отырып үтіктеу;

әр затты қарап тексеру;

арнайы киімді пульвезизатордың көмегімен қосымша ылғалдау.

34. Білуге тиіс:

каландрларда, бу, электр және вакуумды таптауыштарда үтіктеуге жататын киімнің ассортиментін;

сондай-ақ қолмен үтіктеуге жататын жүннен, жібектен және синтетикалық маталардан жасалған киімдер мен бұйымдардың ассортиментін;

мата түрлерін және олардың үтіктеу кезіндегі қасиеттерін, технологиялық процесс ережесін;

жүн бұйымдарды буландыру тәсілдерін, үтіктелген киімді берудің және бүктеудің ережесін;

каландрлардың, бу, электр және вакуумды таптауыштардың нысанын және құрылымын, олардың негізгі бөліктерінің өзара әрекетін;

үтіктеу машиналарының буын қалыпты қысымдау параметрлерін, каландрлардың, бу, электр үтіктердің және вакуумды таптауыштардың, пресс тақталарының жұмыс бетін қыздыру температурасын;

киімнің түріне қарай машиналардың өткізу қабілетін, машиналарды өндірістік-техникалық пайдалану және оларды күтіп баптау ережесін;

киімнің өндірістік партиясының ілеспе құжаттарын, брак түрлерін және олардың алдын алу әрі жою тәсілдерін;

мақта-матаның қасиеттерін, радиоактивті заттармен ластанған арнайы киімді үтіктеу технологиясын. радиоактивті заттармен жұмыс істеудің санитарлық ережесін.

#### **Параграф 4. Үтіктеуші, 4-разряд**

35. Жұмыс сипаттамасы:

киімдерді автоматтандырылған вакуум-таптауыштарда, будың қысымы мен температурасына қарай вакуум-таптауыштардың жылдамдығы мен үтіктеуші бетінің температурасын реттей отырып үтіктеу;

фотоэлемент жұмысын қадағалау;

фотоэлемент көзін тазалау;

ерлердің көйлектерін манекенді престерде үтіктеу;

манекенді пресс тақталарының қызу температурасын анықтау;

бұйымдарды пресс жастықшасына салу және көйлектің жағасы мен жеңдерін үтіктеу;

көйлек корпусын манекенге кигізу және оны үтіктеу кабинетіне салу;

манекенді пресстің автоматика жүйесі клапандарының жұмысын реттеу.

36. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін вакуум-таптауыштар мен манекенді престердің нысаны мен құрылымын, автоматтандырылған вакуум-таптауыштар мен манекенді престерде киімді үтіктеудің технологиялық процесін жүргізу ережесін;

престердің қалыпты қысымы параметрлерін, таптауыштар мен пресс тақталарының үтіктеуші беті қыздыру температурасын;

киімді манекенді престерге берудің ережесін және үтіктелген киімді бүктеудің тәртібін;

престерді өндірістік-техникалық пайдалану және оларды күтіп баптау ережесін;

брак түрлерін және олардың алдын алу әрі жою тәсілдерін.

## **6. Сәнді шаш үлгілерін көрсетуші**

### **Параграф 1. Сәнді шаш үлгілерін көрсетуші, 2-разряд**

37. Жұмыс сипаттамасы:

конкурстар мен семинарларда сәнді шаш үлгілерін көрсету;

жаңа шаш үлгілерін жасау жөніндегі эксперименттерге қатысу;

сүретшілерге, сондай-ақ фото – кино түсірулер үшін кейіп көрсету.

38. Білуі тиіс:

шаш үлгілерін көрсетудің ережелері мен әдістерін.

## **7. Киімдерді жиынтықтаушы**

### **Параграф 1. Киімдерді жиынтықтаушы, 2-разряд**

39. Жұмыс сипаттамасы:

ұйымдар мен жеке тапсырыс берушілердің таза киімдерін үтіктеуге дейін және одан кейін жиынтықтау және іріктеу;

тізілімде түбіртектің болуы және санын тексеру;

түбіртектерді іріктеу үстеліне белгіленген тәртіппен және кезектілікпен қою;  
әр киімнің белгісін табу және осы затты тиісті түбіртекке қою;  
өндірістік партияны іріктегеннен кейін шоты мен ассортименті бойынша әр  
киімнің болуын түбіртек бойынша тексеру;  
түбіртектерді киім байламдарына салу.

40. Білуге тиіс:

киімнің өндірістік партиясының ілеспе құжаттарын, тапсырыс берушілерге  
белгі берудің тәртібін;

жекелеген киім түрлерінде белгі қойылатын жерді, мата ассортименті мен  
түрі бойынша киімнің атауын, таза киімді белгісі мен түбіртегі бойынша іріктеу  
және бүктеу ережесін;

өңделген киімнің сапасын анықтауды.

## **Параграф 2. Киімдерді жиынтықтаушы, 3-разряд**

41. Жұмыс сипаттамасы:

жабдықтың ауысымдық өткізу қабілетіне сәйкес киімдерді өндірістік  
партияларға және жуу машиналарының сыйымдылығына орай шағын  
партияларға жиынтықтау;

киімді матадағы бояғыштың беріктігін анықтай отырып бір тектес  
технологиялық белгілері, өңдеу тәсілдері мен түрлері, матаның түсі мен түрі,  
ластану сипаты мен деңгейі бойынша сұрыптау;

киімді сұрыптау, әрқайсысының салмағын, саны мен орынын көрсете отырып  
әр партияға арналған жол талонын толтыру;

жууға дайындалған өндірістік партияларды сақтауға арналған орынға қою;

киімнің жиынтық саны есептелген партиялық парақты жасау және  
тапсырыс-тізілімде көрсетілген киім данасының санымен салыстырып тексеру;  
киімдерді жеке партияларға іріктеу.

42. Білуге тиіс:

ассортименті мен матаның түрі бойынша киімнің атауын;

кір және таза киімдерді белгілері мен түбіртектері бойынша іріктеу ережесін;

өңделген киімнің сапасын анықтауды, өндірістік және шағын партияларға  
жиынтықтаудың ережесі мен принциптерін, киімнің өндірісте қозғалу есебі  
жөніндегі өндірістік-технологиялық құжаттаманы, технологиялық жабдықты  
пайдалану кестесін;

таразының құрылымы мен пайдалану ережесін.

## **8. Бұйымдарды жиынтықтаушы**

### **Параграф 1. Бұйымдарды жиынтықтаушы, 2-разряд**

43. Жұмыс сипаттамасы:

бұйым партияларын химиялық тазалаудан және бояудан кейін өңдеу үшін жиынтықтау;

дайын тапсырыстарды қабылдау пункттері бойынша жиынтықтау;

бұйымды ілеспе құжат бойынша қабылдау және жұмыс орнына жеткізу;

көрінген дақтары бойынша оларды кетіру үшін бұйымдарды іріктеу;

технологияға және өңдеу жұмыстарының ұйымдастырылуына қарай өндірістік партияларды өңдеуге іріктеу;

дайын тапсырыстарды сұрыптау және кронштейндерге ілу немесе қабылдау пункттерінің нөмірлері бойынша стеллаждарға жинау;

бұйымдарды қабылдау пункттеріне жіберуге дайындау. Қажетті ілеспе құжатты ресімдеу;

бұйымды келесі технологиялық операцияға немесе қабылдау пункттеріне тасымалдауға жіберу;

тапсырыстардың қозғалу журналын жүргізу.

44. Білуге тиіс:

бұйымдардың ассортименті мен маркировкасын, материалдық құндылықтарды қабылдау, тапсыру, сақтау және тасымалдау ережесін;

тапсырыстардың цехтар мен учаскелер бойынша өту тәртібін, өндірістік партияларды жиынтықтау ережесін;

ілеспе құжатты ресімдеу тәртібін, өңдеу жабдығының өнімділігін.

## **Параграф 2. Бұйымдарды жиынтықтаушы, 3-разряд**

45. Жұмыс сипаттамасы.

бұйым партияларын химиялық тазалаудан және бояу алдында жиынтықтау;

қабылдау пунктінен келіп түсетін бұйымдарды қабылдау;

тарадағы бұйымдардың атауы мен санын ілеспе құжатқа сәйкес тексеру;

тапсырыстың дұрыс ресімделуін тексеру, қажет жағдайларда бұйымды міндетті түрде құжатты ресімдей отырып қайтару;

бұйымдарды тапсырыстарды орындау мерзімдері, көрсетілетін қызмет түрлері мен өңдеу тәсілдері бойынша сұрыптау;

бұйымдарды құрғақ ластанудан механикалық щеткада немесе қолмен тазарту; өндірістік партияларды өлшеу;

қажетті құжаттаманы ресімдеу;

бұйымды келесі технологиялық операцияға жіберу;

тапсырыстардың қозғалу журналын жүргізу.

46. Білуге тиіс:

өңдеуге келіп түсетін бұйымдардың ассортименті мен маркировкасын, орнатылған жабдықтың құрылымын, техникалық пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

өндірістік партияларды жиынтықтау ережесін;

көрсетілетін қызмет түрлерін, ерітінділер мен химиялық материалдардың бұйымға әсерін, фурнитура мен өңдеу материалдарын, бұйымды қабылдау және ілеспе құжаттаманы жүргізу ережесін.

### **Параграф 3. Бұйымдардың өңделу сапасын бақылаушы, 3-разряд**

47. Жұмыс сипаттамасы:

бұйымдардың түрлі технологиялық процесс сатыларында өңдеудің сапасын бақылау;

ақауы көрсетілмеген бұйымдарды немесе жиынтықтамаған тапсырыстарды қабылдау пункттеріне қайтару;

технологиялық өңдеу түрлерін анықтаудың дұрыстығын, дайындық операцияларының жүргізілуін және өндірістік партияларды жиынтықтау ережесінің сақталуын тексеру;

бұйымдарды қарау және қолданыстағы технологиялық нұсқаулықтар, кәсіпорын стандарттары, республикалық стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес өңдеу сапасын, анықтау. Өңдеу ақауы бар бұйымдарды іріктеу және брак себебін анықтау. Бракқа шығарылған бұйымдарға тиісті құжаттаманы брақтың түрі мен сипатын көрсете отырып ресімдеу. Бүлінген бұйымдары акті жасауға жіберу. Тексерілген және бракқа шығарылған бұйымдардың есебін жүргізу.

48. Білуге тиіс:

бұйымдардың түрлі технологиялық процестің барлық сатыларында өңдеудің сапасына қойылатын техникалық талаптарды,

өңдеудің сапасын техникалық бақылау әдістерін, өңдеуге қабылданатын тапсырыстарды ресімдеуге қойылатын талаптарды,

дұрыс қабылданбаған немесе ресімделмеген тапсырыстарды қабылдау пункттеріне қайтару тәртібін, ерітінділер мен химиялық материалдардың, бояғыштардың;

фурнитура мен өңдеу материалдарының бұйымға сәйкестігін материалдың түрі мен талшық құрамын, өндірістік партияларды жиынтықтау ережесін;

қолданыстағы технологиялық нұсқаулықтар, кәсіпорын стандарттарын, республикалық стандарттар мен техникалық шарттарды;

өндірістің брак түрлерін, оларды жою және болдырмау әдістерін, көрсетілетін қызметтің сапасы мен түзеуге келмейтін брак жөніндегі құжаттаманы ресімдеу тәртібін.

## **9. Киімді өңдеудің сапасын бақылаушы**

### **Параграф 1. Киімді өңдеудің сапасын бақылаушы, 3-разряд**

49. Жұмыс сипаттамасы:

киімді өңдеу технологиясын процесс барысында бақылау;

киімнің жеке тапсырыс берушілер мен ұйымдардан қабылдануын ресімдеуді, өндірістік партиялардың дұрыс жасалуын, киімді өңдеу режимдерін, жекелеген операциялардың ұзақтығын, агрегаттарға киімнің салыну нормасын, жуу және шаю заттарын құю нормасын, кірдің шайылуын, сығылуын, кептірілуі мен үтіктелуін бақылау;

бұйымдарды өңдеудің белгіленген технологиясы мен талаптарынан анықталған ауытқуларды жою шараларын қабылдау.

50. Білуге тиіс:

кір жуу орындарындағы киімді өңдеудің технологиялық процесі ережесін;

киімді өңдеудің барлық өндірістік операциялары жөнінде қолданылып жүрген жұмысшы нұсқаулықтарды, технологиялық жабдықты пайдалану ережесін, түрлі өңдеу түрлеріне қабылданған киімді өңдеу тәсілдерін,

киімді қабылдау және өндірістік партияларды құрастыру ережесін, киімді өңдеудің барлық процестері бойынша орындалатын жұмыстың сапасын анықтау әдістерін, брак түрлерін және оның алдын алу тәсілдерін.

## **10. Косметик**

### **Параграф 1. Косметик, 3-разряд**

51. Жұмыс сипаттамасы:

бетке, мойынға және бас терісіне массаж жасау;

бетті гигиеналық, вакуумдық тазалау және басқа да нәрлі, дезинфекциялайтын маскалар жағу;

қабыршықтану процесін жүргізу, қолды парафинмен орау;

қасты түзеу, қас пен кірпікті бояу, кірпіктерді майыстыру;

бояу жаға білу.

52. Білуге тиіс:

анатомия және физиология негіздері, терінің құрылысы мен қасиеті, жұмыстарды орындау ережесі мен тәсілдері;

қолданылатын жабдықтар мен құралдарын құрылғысы мен ережесі, материалдар мен арнаулы өнімдердің түрлері, олардың мақсаты мен шығындау нормалары, санитария мен гигиена ережесі;

клиенттерге қызмет көрсету ережесі.

Орта медициналық білімді талап етеді.

Бетке коррекция жасау кезінде күрделі бояу жағуларды орындау – 4-разряд.

## **11. Бояушы**

### **Параграф 1. Бояушы, 3-разряд**

53. Жұмыс сипаттамасы:

мата қиындысы мен мақта-қағаз талшықтарынан жасалған бұйымдарды, қатты жүн және қатты сукно маталарды – әртүрлі тондарға, сондай-ақ табиғи жібек мен жүн талшықтарынан жасалған бұйымдарды қою түстерге бояу машиналарында және баркаларда бояу процесін жүргізу;

компоненттердің қажетті көлемі есептеу және бояу мен химиялық ерітінділерді белгіленген рецептура бойынша дайындау;

бұйымды ілеспе құжат бойынша қабылдау және жұмыс орнына жеткізу. Жұмыс партияларын бояудың тәсілі, бұйым ассортименти және бояудың түсіне қарай жиынтықтау;

партияларды өлшеу;

технологияға және өңдеу жұмыстарының ұйымдастырылуына қарай өндірістік партияларды өңдеуге іріктеу;

бұйымды ластан тазарту;

тегістеу немесе бояудың түссізденуін қамтамасыз ету;

Сіңірмені алу. Бұйымды жуу және боялуын бекіту. Бұйымды центрифугада сығу. Бұйымды келесі технологиялық операцияға жіберу.

54. Білуге тиіс:

өңдеуге келіп түсетін бұйымдардың ассортименти мен маркировкасын, материалдардың түрі мен талшық құрамын, орнатылған жабдықтың құрылымын, техникалық пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

бояудың тәсілдері мен технологиялық режимдерін, жұмыс партияларын жиынтықтау ережесін;

химиялық ерітінділер мен бояғыштардың түрлері мен қасиеттерін, олардың бұйымға әсерін, бұйымды бояудың сапасына қойылатын талаптарды.

### **Параграф 2. Бояушы, 4-разряд**

55. Жұмыс сипаттамасы:

мата қиындысы мен табиғи жібек мен жүн талшықтарынан жасалған бұйымдарды ашық түстерге, синтетикалық және аралас талшықтан жасалған бұйымдарды – әртүрлі түстерге бояу машиналарында және баркаларда бояу процесін жүргізу;

бұйымдарды арнаулы сіңірмелеу препараттарымен сіңірмелеу;



компоненттердің қажетті көлемі есептеу және бояу мен химиялық ерітінділерді белгіленген рецептура бойынша дайындау;

бұйымның түріне, талшықтың құрамы мен материалдың тығыздығына, бояғыштардың сыныбы мен қасиеттеріне, бояудың түсіне қарай бояудың тәсілі мен технологиялық режимін анықтау.

56. Білуге тиіс:

өңдеуге келіп түсетін бұйымдардың ассортименті мен маркировкасын, материалдардың түрі мен талшық құрамын, орнатылған жабдықтың құрылымын, техникалық пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

бояудың тәсілдері мен технологиялық режимдерін: жұмыс партияларын жиынтықтау ережесін;

химиялық ерітінділер мен бояғыштардың түрлері мен қасиеттерін, олардың бұйымға әсерін, бұйымды бояудың сапасына қойылатын талаптарды.

### **Параграф 3. Бояушы, 5-разряд**

57. Жұмыс сипаттамасы:

синтетикалық және табиғи терілерден, тері мен күдеріден жасалған бұйымдарды бояу машиналарында және баркаларда немесе қолмен бояу процесін жүргізу;

бұйымды тапсырыс берушінің үлгісі бойынша жеке бояу;

компоненттердің қажетті көлемі есептеу және бояу мен химиялық ерітінділерді белгіленген рецептура бойынша дайындау;

бұйымның түріне, талшықтың құрамы мен материалдың тығыздығына, бояғыштардың сыныбы мен қасиеттеріне, бояудың түсіне қарай бояудың тәсілі мен технологиялық режимін анықтау;

табиғи терілерден, тері мен күдеріден жасалған бұйымдарды кептіру;

оларды таптауыш барабандарда таптау және торлы барабандарды сілкілеу.

58. Білуге тиіс:

өңдеуге келіп түсетін бұйымдардың ассортименті мен маркировкасын, материалдардың түрі мен талшық құрамын, орнатылған жабдықтың құрылымын, техникалық пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

бояудың тәсілдері мен технологиялық режимдерін, жұмыс партияларын жиынтықтау ережесін;

химиялық ерітінділер мен бояғыштардың түрлері мен қасиеттерін, олардың бұйымға әсерін;

бұйымды бояудың сапасына қойылатын талаптарды.

## **12. Тырнақты әдемілеуші**

### **Параграф 1. Тырнақты әдемілеуші, 2-разряд**

59. Жұмыс сипаттамасы:

қол саусақтарының тырнақтарын гигиеналық тазалау, оларға қажетті пішін беру үшін егелеу;

тырнақтарға лак жағу;

лақтың араласқан түсін жасау.

құралдарды дезинфекциялау.

60. Білуге тиіс:

тырнақты әдемілеу жұмыстарын орындау ережесі;

санитария мен гигиена ережесі;

қолданылатын құралдардың мақсаты, оларды пайдалану амалдары және оларды сақтау ережесі;

түрлі түсті және реңкті лактар дайындау тәсілдері, клиенттерге қызмет көрсету ережесі және алғаш медициналық көмек көрсету тәсілдері.

## **13. Салт жоралар көрсету жабдықтарының машинисі**

### **Параграф 1. Салт жоралар көрсету жабдықтарының машинисі 2-разряд**

61. Жұмыс сипаттамасы.

қаралы залының кезекші әкімшісінің белгісі бойынша лифтті беру және оған табытты салып түсіру;

мәйіт салынған табытты көтергіштен алып, арбаға салу, пешке апару;

өртеу процесін, кремация пешінің жұмысын және газ аспаптарын бақылау.

әр кремациядан кейін күлді қаңылтыр табаға жинап, кремация нөмірін жазу.

62. Білуге тиіс кремация пешінің құрылғысы, газ жабдықтарының инструкциясы мен пайдалану ережесі, мәйітті өртеу тәртібі мен ұзақтығы.

## **14. Бала бағушы**

### **Параграф 1. Бала бағушы, 3-разряд**

63. Жұмыс сипаттамасы.

мектепке дейінгі балалар ұйымдарында балаларға күтім жасайды;

тәрбиешіге киіндіру, шешіндіру кезінде көмектеседі;

балаларды жуындыруда, шомылдыруда және төсекке жатқызуда;

үйді жинау;

үйлерінде балаларға, сырқаттарға және қарт адамдарға қарау соған қатысты, тамақ әзірлеу, тамақтандыру, ыдысты жинау және жуу, киімдер мен іш киімді ауыстыру, дәрет ыдыстарын әперу және жинау;

үйдегі сырқаттар, қарттар және балалар үшін қажетті режимді сақтау;  
іш киім мен киімді, шаруашылық керек – жарақтарын және жуу құралдарын дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету;

дезинфекциялауға кір іш киімді жууға жіберумен байланысты жұмыстардың іске асырылуы кезінде – 4-разряд.

64. Білуі тиіс:

бөлмелерді ұстаудың санитарлық – гигиеналық талабын, балаларға, қарттарға және сырқаттарға қарау ережесін;

тамақ әзірлеу рецептерін, жуу құралдарын тағайындау және оларды қолдана білу ережесін.

## **15. Фотобаспаларды жиектеуші**

### **Параграф 1. Фотобаспаларды жиектеуші, 2-разряд**

65. Жұмыс сипаттамасы:

фотобаспаларды шыны астына қойып жиектеу;

қағазда, матада, позитивті пленкада және тағы басқа орындалған фотобаспаларды шынының астында жиектеу, түзету, периметрі бойынша кесу үшін дайындау, тік бұрыштарды тексеру;

шыныны бланк және планшет, картон, қағаз, дермантин өлшемі бойынша кесу;

шыныны сүрту;

планшетті, бланкіні жабыстыру;

фотобаспаны планшетке, бланкіге бекіту;

желім дайындау.

66. Білуге тиіс:

фотобаспаларды шыны астына қойып жиектеу техникасы;

әр түрлі материалдарды желімдеу үшін қолданылатын шикізаттың; материалдар мен желімнің қасиеті, жұмыста қолданылатын инструменттің түрлері, баспаны кесу және желімдеу кезінде кадрды салу ережесі.

### **Параграф 2. Фотобаспаларды жиектеуші, 3-разряд**

67. Жұмыс сипаттамасы.

портреттерді пленка бойынша монтаждау;

фотобаспаларды маскамен біріктіру және шаблон бойынша кесу;

бұрыштарын шабу, қалыптау және қырларын жиектеу;

салмаларды орнату, түзетілген блокты желімдеу;

кептіру, сыртқы бетін жылтырату.

68. Білуге тиіс:

портреттерді пленка бойынша монтаждау техникасы;  
портреттерді монтаждау үшін қолданылатын құралдар.

## **16. Түпнұсқаларды контурлаушы**

### **Параграф 1. Түпнұсқаларды контурлаушы, 2-разряд**

69. Жұмыс сипаттамасы:

гуашь немесе акварель бояуларымен алты адамға дейінгі топтан бір адамды бөліп, түпнұсқаға контур жағу;

түпнұсқаны ластанудан тазарту;

түпнұсқаның реңіне сәйкес гуашь немесе акварель бояуларды дайындау.

70. Білуге тиіс:

гуашь немесе акварель бояулардың, эмульсияның және фото қағаздың қасиеті, негативті және позитивті фото материалдардың түсін беру негіздері.

### **Параграф 2. Түпнұсқаларды контурлаушы, 3-разряд**

71. Жұмыс сипаттамасы:

гуашь немесе акварель бояуларымен алты адамнан артық топтан бір адамды бөліп, түпнұсқаға контур жағу;

костюмді, көйлекті анықтап салу, бас киімді, шашты және тағы басқа өзгерту үшін қажетті реңк жағу.

72. Білуге тиіс:

фотографиялық сурет шығарудың принципі, акварель және гуашь бояуларымен, тушь және қарындашпен сурет салу тәсілдері;

қолданылатын фото материалдардың мақсаты, негативті және позитивті материалдардың түсін беру.

## **17. Өзіне өзі қызмет көрсететін кір жуу орнының операторы**

### **Параграф 1. Өзіне өзі қызмет көрсететін кір жуу орнының операторы, 4-разряд**

73. Жұмыс сипаттамасы:

өзіне өзі қызмет көрсететін кір жуу орнында киімді өңдеудің технологиялық процесін жүргізу;

түрлі бұйымды жуу режимдерін анықтау және белгілеу;

жуу машиналарын іске қосу және олардың жұмысын қадағалау;

кірдің центрифуга мен кептіру барабандарына дұрыс салынуы мен олардан алынуын, кірдің үтіктелуін бақылау;

центрифугаларды, кептіру барабандарын, каландрларды, таптауыштарды, пресстерді іске қосу және олардың жұмысын қадағалау;

клиенттерге нұсқама беру, өзіне өзі қызмет көрсететін кір жуу орындарында кірдің дұрыс өңделуін қадағалау және бақылау;

клиенттің кірлерін өлшеу, кірдің салмағына қарай кір жуу машинасын беру және өңдеу ақысын алу;

киімнің дұрыс сұрыпталуын бақылау;

жуу машиналарының жарамдылығын тексеру;

бұйымдардың кір жуу машинасына дұрыс салынуы мен одан алынуын бақылау;

жұмыс процесінде жабдықты күтіп баптау.

74. Білуге тиіс:

кір жуудың технологиялық процесі ережесін;

кірдің барлық түрлерін сығу мен кептіруді, сондай-ақ үтіктеуді, кір жуу машиналарының, центрифугалардың, кептіру барабандарының, каландрлардың, таптауыштар мен пресстердің типтерін, механикалық жууға келіп түскен кірдің түрлері мен ассортиментін, кірді түрлері мен ластану деңгейіне қарай сұрыптау ережесін;

әртүрлі кірлерді жуу режимдерін, жуу және өңдеу заттарының атауы мен қасиеттерін, түрлі кірлерді жууға материалдарының шығыс дозалау нормаларын, кірдің центрифуга мен кептіру барабандарына дұрыс салу мен олардан алу техникасын;

түрлі кірлерді сығу ұзақтылығы, кептіру барабандарындағы бу қысымы параметрлері кептірудің шекті температурасын;

кепкеннен кейін түсірілетін кірдің ылғалдылығын, үтіктің, каландрлардың, таптауыштар мен пресстердің жұмыс қабатының температурасын;

кір жуу машиналарының, центрифугалардың, кептіру барабандарының, каландрлардың, таптауыштармен пресстердің құрылымы мен пайдалану ережесін.

## **18. Жуу машиналарының операторы**

### **Параграф 1. Жуу машиналарының операторы, 2-разряд**

75. Жұмыс сипаттамасы:

мақта мата және зығыр бұйымдарды қолмен және машиналарда біліктілігі анағұрлым жоғары оператордың басшылығымен жуу;

түрлі жолақ тігісті бұйымдарды жуу;

бұйымның жол талонының болуын тексеру;

бір және екі мәрте жуу кезіндегі температураны және жуу ертіндісінің су модулін анықтау;

ақ бұйымдарды сабынды-содалы суда қайнату;  
кірді шаю;  
крахмалдаушы және көгертуші ерітінділерді дайындау;  
кірді крахмалдау және көгерту;  
орам жазу машинасында вишерлі матаны жазу;  
өндірісте қолданылатын басқа текстилдік материалдарды реттеу;  
оларды жуу машинасына салу;  
жуу машинасында шаю және машинадан түсіріп алу.

76. Білуге тиіс:

ластануы түрді деңгейдегі мақта мата және зығыр бұйымдары мен вишерлі матаны қолмен және машиналарда жуу технологиясын;

жуу және өңдеу заттарының атауы мен қасиеттерін, қолдану тәсілдерін, шығыс нормаларын;

түрлі жуу және өңдеу заттарын дайындаудың рецептурасы мен тәсілдерін; әртүрлі кірлерді жуу мен сығу тәсілдерін;

ақ бұйымды ағарту және түсті бұйымдарды қышқылдау тәсілдерін;

кірді түрлері мен ластану деңгейіне қарай машинаға салу нормаларын, қолданылатын жабдықтың негізгі тораптарын және оларды реттеуді.

## **Параграф 2. Жуу машиналарының операторы, 3-разряд**

77. Жұмыс сипаттамасы:

мақта мата және зығыр бұйымдарды автоматтандырылмаған машиналарда жуу. Кірді жуу машинасына салу;

жуу ерітіндісі мен көкшені машинаға құю;

жуылған кірді машинадан түсіріп алу;

жүн, жібек және синтетикалық матадан жасалған кірлер мен бұйымдарды қолмен жуу;

бұл бұйымдарды жууға арналған жуу заттарын дайындау, түсті бұйымдарды қышқылдау;

жуылған бұйымның тазалығын анықтау.

78. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жуу машиналарының құрылымы мен пайдалану ережесін; кірдің түрлі ластану деңгейі кезінде машинаны толтыру нормасын;

құбырдағы вентильдердің жұмысын, жүн, жібек және синтетикалық матадан жасалған кірлер мен бұйымдарды қолмен жуудың тәсілдері мен ерекшеліктерін;

қолданылатын жуу заттары мен бұл бұйымдарды жууға арналған көмекші жуу заттарын.

### **Параграф 3. Жуу машиналарының операторы, 4-разряд**

79. Жұмыс сипаттамасы:

мақта мата және зығыр бұйымдарды автоматтандырылған машиналарда жуу;  
кірді жуу машинасына салу;  
машинаның дұрыс жұмыс істеуін, орындаушы механизмдердің кезектілікпен жұмыс істеуін, жуу машиналары мен құбырлардағы бақылау-өлшеу аспаптарын бақылау;  
ағартушы және крахмалдаушы ерітінділерді беру;  
жуылған кірдің тазалығын анықтау;  
жуылған кірді машинадан алу;  
жабдықты тазалау;  
жуу машиналарының разряды төмен операторларына басшылық ету.

80. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жуу машиналарының құрылымы мен пайдалану ережесін;  
қызмет көрсететін жуу машиналарында кірлер мен бұйымдарды жуудың технологиялық процесін жүргізу, кірді ластану деңгейіне қарай салу ережесін;  
жуу және өңдеу заттарының атауы мен қасиеттерін;  
ағарту ерітіндісінің дозасын, өңделетін бұйымдардың ассортиментін, өңделетін мата түрлерін, жабдықты тазалаудың ережесі мен режимін.

### **Параграф 4. Жуу машиналарының операторы, 5-разряд**

81. Жұмыс сипаттамасы:

мақта мата және зығыр бұйымдарды жуудың технологиялық процесін бағдарламамен басқарылатын автоматтандырылған жуу-сығу машиналарында жүргізу;  
өңдеу режимін белгілеу, бағдарлама карталарын таңдау және оны программаторға салу;  
машиналарды түрлі кір жуу технологиялық режимдеріне реттеу және баптау;  
машинаның жарамдылығын, жекелеген тораптары мен бақылау-өлшеу аппаратурасын тексеру;  
кірдің ластану деңгейіне, матаның түріне және мата бояуының беріктігіне қарай жуудың технологиялық режимін белгілеу;  
жуу, ағарту және крахмалдау ерітінділерінің консистенциясын тексеру.

82. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жуу машиналарының құрылымы мен пайдалану ережесін;  
матаның барлық түрлерінен жасалған кірді жуудың технологиялық процесін жүргізу ережесін;

кірдің ластану деңгейін анықтау ережесін;

қызмет көрсететін жуу машиналарында кірлер мен бұйымдарды жуудың қарай салу ережесін;

жуу, ағарту және крахмалдау ерітінділерінің шығыс нормасы мен дозалауды, машиналарды түрлі кір жуу технологиялық режимдеріне реттеу және баптау ережесін.

## **19. Фотоавтоматтардың операторы**

### **Параграф 1. Фотоавтоматтардың операторы, 4-разряд**

83. Жұмыс сипаттамасы.

фотоавтоматтарда ақ-қара түсті суреттерді түсіру;

қызмет көрсетілетін фотоавтоматтарды жұмысқа дайындау;

жарық орнату, ерітінді дайындау;

сыналатын суреттер дайындау;

өңдеу режимдерін реттеу;

фотоавтоматтардың механизмдері мен оптикасын алдын ала тексеру.

84. Білуге тиіс:

өңдейтін ерітінділердің рецептурасы және оларды сынау ережесі;

реверсивті фотоқағаздарды өңдеу технологиясы, жарықты орнату ережесі мен тәсілдері;

алдын ала тексеру және өңдеу режимдерін реттеу ережесі.

### **Параграф 2. Фотоавтоматтардың операторы, 5-разряд**

85. Жұмыс сипаттамасы:

фотоавтоматтарда түрлі түсті суреттерді түсіру;

қызмет көрсетілетін фотоавтоматтарды жұмысқа дайындау;

жарық орнату;

өңдеу режимдерін реттеу;

сыналатын суреттер дайындау;

ерітінді дайындау;

фотоавтоматтардың механизмдерін тексеру.

86. Білуге тиіс:

өңдейтін ерітінділердің рецептурасы және оларды сынау ережесі;

қолданылатын түрлі түсті фото материалдардың өңдеу технологиясы, жарықты орнату ережесі мен тәсілдері;

алдын ала тексеру және өңдеу режимдерін реттеу ережесі.



## **20. Бас киімдерді өңдеу**

### **Параграф 1. Бас киімдерді өңдеу, 4-разряд**

87. Жұмыс сипаттамасы:

бас киімдерді өңдеу және үлгісі мен фасонын қалпына келтіру;

Аппретирлеуші және арнаулы сіңірмелеу ертінділерін белгіленген рецептура бойынша дайындау;

бұйымды ілеспе құжат бойынша қабылдау және жұмыс орнына жеткізу;

өндірістік партияларды өңдеу түрлері бойынша жиынтықтау;

бұйымды химиялық тазалауға және бояуға дайындау;

бұйымның түріне, талшықтың құрамы мен материалдың тығыздығына, бояғыштардың сыныбы мен қасиеттеріне, бояудың түсіне қарай бояудың тәсілі мен технологиялық режимін анықтау;

бұйымды келесі технологиялық операцияға жіберу.

88. Білуге тиіс:

өңдеуге келіп түсетін бас киімдердің ассортиментін, орнатылған жабдықтың құрылымын, техникалық пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

өндірістік партияларды жиынтықтау ережесін;

химиялық ертінділер мен бояғыштардың түрлері мен қасиеттерін;

олардың бұйымға әсерін, қолданылатын химиялық материалдардың шығыс нормаларын, бұйымды өңдеу сапасына қойылатын талаптарды.

## **21. Центрифугада кір сығушы**

### **Параграф 1. Центрифугада кір сығушы, 2-разряд**

89. Жұмыс сипаттамасы:

кірді автоматтандырылған және жартылай автоматтандырылған центрифугаларда сығу;

центрифуганың жарамдылығын тексеру;

кірдің жол талонының болуын тексеру;

кірдің нақты құрамының центрифуганың кір салатын сыйымдылығына сәйкестігін тексеру;

бұйым бояуының беріктігін және оны басқа бұйымдармен салу мүмкіндігін анықтау,

кірді центрифугаға салу және оны іске қосу;

центрифуганың дұрыс жұмыс істеуін қадағалау;

центрифуганы тоқтату және кірді түсіріп алу;

кірдің сығылу деңгейін (ылғал қалдығын) анықтау;

центрифугада жұмыс істеу кезінде брақты анықтау және оны жою;

центрифуганы жуу, тазалау және майлау.

90. Білуге тиіс:

кір жуудың технологиялық процесін, кір ассортиментін, матадағы бояудың беріктігін анықтау тәсілдерін, әртүрлі кірді түрлі центрифугаларда сығудың технологиясы мен ұзақтығын;

центрифугаға кірді салу және түсіріп алу техникасын, центрифуганың нысанын, жүйесі мен құрылымын, жұмыс принципі мен басқару тәсілдерін, центрифуганың сыйымдылығы мен себетінің айналу санын, центрифуганы пайдалану және күтіп баптау ережесін;

кірді одан әрі өңдеуге жіберудің тәртібін, кір партиясының ілеспе құжаттамасын.

## **22. Булаушы-престеуші**

### **Параграф 1. Булаушы-престеуші, 3-разряд**

91. Жұмыс сипаттамасы:

тоқыма бұйымдарды, тік юбкаларды, мата кесінділерін, тік перделерді, жамылғыларды, көрпелерді, пледтерді, дастархандарды, орамалдарды, драп бұйымдарды, тыстарды кілем бұйымдарды пресстерде немесе булау үстелдерінде ылғалды-жылумен өңдеу процесін жүргізу;

бұйым астарын электр үтікпен үтіктеу;

бұйымды ілеспе құжат бойынша қабылдау және жұмыс орнына жеткізу;

бұйымның түріне, талшықтың құрамы мен материалдың тығыздығына, бояғыштардың сыныбы мен қасиеттеріне, бояудың түсіне қарай ылғалды-жылумен өңдеудің технологиялық режимін анықтау;

бұйымды экспедиция бөлімшесіне тапсыру.

92. Білуге тиіс:

өңдеуге келіп түсетін бұйымдардың ассортименті мен маркировкасын, материалдардың түрлері мен талшық құрамын;

престердің, булау үстелдерінің, электр үтіктердің құрылымын, техникалық пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

ылғалды-жылумен өңдеу режимдерін, бұйымды өңдеу сапасына қойылатын талаптарды.

### **Параграф 2. Булаушы-престеуші, 4-разряд**

93. Жұмыс сипаттамасы:

пальтоларды, плащтарды, пиджактарды, жакеттерді, шалбарды, көйлектерді, плиссе мен гофре бұйымдарды, кеудешелерді, буфты перделерді манекендерде

немесе ауа-бу камерасында, пресстерде электр үтікпен үтіктей отырып өңдеу процесін жүргізу;

тері мен күдеріден жасалған бұйымды тарау және үтіктеу машинасында тегістеп жылтырату;

жазылмайтын қатпар жасау;

арнаулы сіңірмелеу ертіндісін белгіленген рецептура бойынша жасау;

бұйымның ассортиментіне, түріне және талшық құрамына, үлгісінің күрделілігіне, жұмыстың түріне қарай технологиялық өңдеу кезектілігін белгілеу ;

дайын бұйымдарды арнаулы айлабұйымдарға ілу.

94. Білуге тиіс:

өңдеуге келіп түсетін бұйымдардың ассортименті мен маркировкасын, материалдардың түрлері мен талшық құрамын, манекендердің, ауа-бу камераларының, үтік машиналарының, электр үтіктердің құрылымын, техникалық пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

сіңірмелеу ертіндісін жасау ережесін;

қолданылатын химиялық материалдардың шығыс нормасын, бұйымды өңдеу сапасына қойылатын талаптарды.

## **23. Виньетка мен альбом тақталарын рәсімдеуші**

### **Параграф 1. Виньетка мен альбом тақталарын рәсімдеуші, 3-разряд**

95. Жұмыс сипаттамасы:

виньетка тақталарын рәсімдеуші;

тақта планшеттерін дайындау;

фото суреттерді іріктеу, трафарет бойынша кесу;

фото суреттерді, жазуларды орналастыру және тақта алаңы бойынша рәсімдеу;

тақтаны монтаждау;

монтаж элементтерінің жабыстыру;

қарапайым қаріптік және графикалық жұмыстарды жүргізу.

96. Білуге тиіс:

қарындашпен сурет салу тәсілдері, қолданылатын акварель және гуашь бояуларының, туштардың, желімдердің қасиеті;

қағаз бен картонды желімдеу технологиясы;

жұмыста қолданылатын құралдардың түрлері, портрет суреттерді кадрлау.

### **Параграф 2. Виньетка мен альбом тақталарын рәсімдеуші, 4-разряд**

97. Жұмыс сипаттамасы:

альбомдарға арналған тақтаны рәсімдеу;  
альбом тақталарына арналған планшеттер дайындау;  
альбомдарды рәсімдеу үшін материалдарды іріктеу және таратып бөлу;  
фотомонтаждарды жасау;  
монтаж элементтерін жабыстыру;  
күрделі қаріптік және графикалық жұмыстарды жүргізу.

98. Білуге тиіс акварель бояулармен сурет салу тәсілдері, тақтаны рәсімдеу кезінде қолданылатын материалдардың қасиеті мен мақсаты, қолданылатын бояулардың рецептурасы мен физикалық-химиялық қасиеті, көркемдік суреттерді алу тәсілдері, кеңістік, желілік перспектива, өң, жарық, көлем мен пішін.

## **24. Шаштараз**

### **Параграф 1. Шаштараз, 3-разряд**

99. Жұмыс сипаттамасы:

ересектер мен балалардың шашын тарау, кесу;

шашты мода бағытына сәйкес және адамның келбетінің ерекшелігіне қарай бұйралау және жатқызу;

шашты бигудимен, қысқышпен, химиялық және электр тәсілімен (перманент) бұйралау;

басқа массаж жасау және жуу, химиялық препараттар мен ертінділерді жағу;

шашты әртүрлі түс пен реңге бояу, оны түссіздендіру.

тұтынушы терісінің қасиеттерін ескере отырып сақал-мұртты бастыру және алу, бетке компресс және массаж жасау;

салмамен және парикпен жұмыс істеу;

құралдарды зарарсыздандыру, жуу және тексеру.

100. Білуге тиіс:

тері мен шаштың құрылымы мен қасиеттерін;

жұмысты орындаудың тәсілдері мен жолдарын, бояйтын және химиялық қоспалардың рецептурасы мен олардың шаш пен теріге әсерін, аппаратура мен құралдардың құрылымын;

оларды пайдалану ережесін;

материалдардың, препараттардың түрлерін, олардың нысаны мен жұмсалу нормаларын, санитария мен гигиена ережесін;

қызмет көрсету ережесін және алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін, модельер мектебі көлеміндегі шаш сәндеуді үлгілеу, макияж негіздерін, пастижерлік бұйымдарды жасау технологиясын.

Жұмыстар мен қызметтердің барлық түрлерін орындау кезінде (күрделі шаш сәндеу, шашты қию және тағы басқа) - 4-разряд.

Химиялық бұйралауды орындау және шашты әр түрлі және бетті әдемілеумен аса күрделі тәсілмен бояу – 5-разряд.

Ескертпе. Шаш сәндеу үлгілерінің әзірлемелерін орындау және олардың конкурстарда көрсету кезінде кәсіп шаштараз-модельер деп аталсын.

## **25. Педикюрші**

### **Параграф 1. Педикюрші, 2-разряд**

101. Жұмыс сипаттамасы:

аяқ бәшпайларындағы тырнақтарды гигиеналық тазалау, қажетті түрге келтіру үшін оларды кесу;

өкше мен табандағы өскіндерді тазалау, мүйізін алу;

тырнаққа лак жағу;

лақтың құрама түрлерін жасау;

құралдарды зарарсыздандыру, жуу және тексеру.

102. Білуге тиіс:

педикюр жұмысын орындау ережесін, санитария мен гигиена ережесін;

қолданылатын құралдардың атауы мен нысанын, оларды пайдалану жолдарын, сақтау ережесін;

лақтың әртүрлі түсі мен реңін жасау тәсілдерін;

тұтынушыларға қызмет көрсету ережесін және алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін.

## **26. Кірді үтіктеуге дайындаушы**

### **Параграф 1. Кірді үтіктеуге дайындаушы, 1-разряд**

103. Жұмыс сипаттамасы:

үтіктеуге жататын кірді қолмен сілку;

сілкуге жататын кір партиясының жол талонының болуын тексеру;

әр бұйымды қатпарларын жазып мұқият сілку;

кірді кір үтіктеудің тік, фасонды түрлері бойынша сұрыптау;

сілкіген кірлерді жаймаға қою.

104. Білуге тиіс кірді булы таптауыштарда, каландрларда, престерде және қолмен үтіктеу шарттарын, кептіру-үтіктеу машиналарында, престерде және қолмен үтіктеуге жататын бұйым ассортиментін.

### **Параграф 2. Кірді үтіктеуге дайындаушы, 2-разряд**

105. Жұмыс сипаттамасы:  
үтіктеуге жататын кірді сілкігіш машиналарда сілкіу;  
сілкігіш машиналарға қызмет көрсету;  
сілкігіш машинасының дұрыс жұмыс істеуін қадағалау, оның жарамдылығын тексеру;

кірдің сілкігіш машиналарға дұрыс салынуы мен одан алынуын бақылау.

106. Білуге тиіс:

кірді сілкігіш машиналарға салу техникасын;

сілкігіш машиналардың нысаны мен құрылымын;

жұмыс принципі мен басқару тәсілдерін;

сілкігіш машина қызмет көрсету және күту ережесін;

булы таптауыштарда, каландрларда;

престерде және қолмен үтіктеу шарттарын;

кептіру-үтіктеу машиналарында;

престерде және қолмен үтіктеуге жататын бұйым ассортиментін.

## **27. Жуу ертінділерін дайындаушы**

### **Параграф 1. Жуу ертінділерін дайындаушы, 3-разряд**

107. Жұмыс сипаттамасы:

жуу және өңдеу ертінділерін дайындаудың технологиялық процесін жүргізу;

шикізатты ертуге дайындау: қоспалау және дозалау;

шикізат шығысын есептеу.

108. Білуге тиіс:

жуу және өңдеу ертінділерін дайындаудың технологиялық ережесін;

жуу және өңдеу ертінділерін дайындаудың;

ертінді дайындауға кететін материал дозалаудың тәсілдері мен рецептін;

дайындалған жуу және өңдеу ертінділерінің физикалық-химиялық қасиеттерін.

## **28. Тапсырыстарды қабылдаушы**

### **Параграф 1. Тапсырыстарды қабылдаушы, 1-разряд**

109. Жұмыс сипаттамасы:

халықтан тұрмыстық қызметтерге тапсырыстар қабылдау;

қабылдаудың белгіленген ережесіне сәйкес жууға қабылданған кірлердің сапасын, бояудың төзімділігін, кірленудің дәрежесін, басқа да белгілердің және бұйымдардың жасақталуын, санын, кейбір ақау жерлерін, тозу процесін, жұмыс көлемін, бұйымдардың атауларын анықтау;

баға көрсеткішін анықтаумен қабылданған тапсырыстардың баға прейскурантын ресімдеу, жұмыстың орындалу мерзімін анықтау;  
фабрикаларға қажетті ілеспелі құжаттарының ресімделуімен тапсырыстарды орындау үшін жолдау және бөлу, орындаған тапсырыстарды алу;  
тапсырушыға көрсетілген түбіртек бойынша бұйымдарды беру, халықтан ақша алу және оларды белгіленген тәртіпке сәйкес тапсыру.

110. Білуі тиіс:

қызметтердің прейскурантын (тарифын), атауларын;  
түрлерін, тозу дәрежесін, кірленуін және басқа да қабылданатын бұйымдардың сапалы сипаттамасын;  
технологиялық өңдеудің түрлерін;  
тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарында орындалған тапсырманы беру жөніндегі құжаттарды ресімдеу ережесін;  
ақша қаржыларын тапсыру және сақтау, қабылдау тәртібін.

## **Параграф 2. Тапсырыстарды қабылдаушы, 2–разряд**

111. Жұмыс сипаттамасы:

халықтан тұрмыстық қызметтерге тапсырыстар қабылдау;  
көлік құралдарын, радио-теледидар аппаратураларын, сағаттар, аспаптар, тұрмыстық машиналар, зергерлік бұйымдарды жөндеу жұмыстарының көлемін және ақауларын, бұйым атауларын анықтау;  
қолданыстағы прейскуранттарға сәйкес жөндеу жұмыстарының құнын анықтаумен қабылданған тапсырыстардың түбіртектерін ресімдеу, жұмыстардың орындалу мерзімін анықтау және сақталуын бақылау;  
қабылданған тапсырыстарды ілеспелі құжаттармен ресімдеп зауыттарға, цехтарға, шеберханаларға жіберу және орындалған жұмыстардың сапалығын тексеріп алу;  
бұйым жөндеудің кепілдемелік картотекасын жүргізу;  
тұрмыс қызметтерін орындауға арналған халықтың тапсырыстарын абонентті телефондар бойынша қабылдау және орындалуын бақылау;  
тапсырыстар қабылдау және газет – журнал ақпараттарын, хабарлама, жарнама алуға мекемелермен, ұйымдармен келісімшарт жасау.

112. Білуі тиіс:

қызметтерге арналған прейскуранттарды (тарифтерді);  
түрлерін, маркаларын, атауларын, бұйым, аспап жұмыстарының қағидаларын және құрылғысын;  
қымбат металл сынықтарын қабылдау әдістемесін және тастардың түрлерін, тапсырыстарды беру және қабылдау жөніндегі құжаттарды ресімдеу ережесін;

тапсырыстардың қозғалыс есеп кітапшасын жүргізу, мемлекеттік стандарт және техникалық жағдайларды.

## **29. Жалға беру пунктінің қабылдаушысы**

### **Параграф 1. Жалға беру пунктінің қабылдаушысы, 1–разряд**

113. Жұмыс сипаттамасы:

жалға беру ательесінде, салондарда, пункттерде азаматтардың уақытша пайдалануына (жалға) шаруашылық және мәдени – тұрмыстық заттарын, спорттық керек – жарақтар мен басқа да жабдықтарды береді;

түбіртекті немесе келісім шартты ресімдеу;

азаматтарды жалға берілген заттарды пайдалану ережесімен, баға преЙскуранттарымен, жалға беру ережелерімен таныстыру;

азаматтардан жалға берілген заттарды қайтаруды қабылдау, жалға берілгені үшін ақша алу;

жалға берілген заттардың және басқа да құжаттардың қозғалыс журналын жүргізу;

кассалық тізімдемесін ресімдеу, белгіленген тәртіппен маусымдық сипатта жалға берілген заттардың ақшалай түсімін тапсыру.

114. Білуі тиіс:

жалға беру ережесін, баға преЙскуранттарын;

есеп беру мен есептеменің белгіленген тәртібін жүргізу.

### **Параграф 2. Жалға беру пунктінің қабылдаушысы, 2–разряд**

115. Жұмыс сипаттамасы:

азаматтардың уақытша пайдалануына (жалға) шаруашылық және мәдени – тұрмыстық заттарын, спорттық керек – жарақтар мен басқа да жабдықтарды беру және олардың жинақтылығын және дұрыстылығын тексеру;

жалға берілетін ақау заттарды жөндеуге беру, тозығы жеткен керек – жарақтарды есептен шығуға актілер ресімдеу;

керек – жарақтар және құралдармен жалға беру қорын толтыруға арналған өтініштерді құрастыру, азаматтардан жалға берілген заттарды алған жинақтылығын және дұрыстылығын тексеру, азаматтардың кінәсінен пайдалануға жарамсыз заттарға актілер ресімдеу.

116. Білуі тиіс:

жалға беру ережесін, жалға беру қорында бар керек – жарақтар мен құралдарды пайдалану ережесін және құрылғысын;

жалға беру қорын пайдалану және ережесін, пайдалануға жарамсыз;

жалға беру заттарына актілер ресімдеу.



## **30. Дақты кетіруші**

### **Параграф 1. Дақты кетіруші, 2-разряд**

117. Жұмыс сипаттамасы:

бұйымды органикалық ертіндімен өңдеу алдында арнаулы ертіндімен қолмен тазалау;

арнаулы сіңірмелеу ертіндісін белгіленген рецептура бойынша жасау;  
бұйымды ілеспе құжат бойынша қабылдау және жұмыс орнына жеткізу;  
анағұрлым лас жерлерін анықтау үшін бұйымды қарау;  
бұйымды келесі технологиялық операцияға жіберу.

118. Білуге тиіс:

өңдеуге келіп түсетін бұйымдардың ассортиментін;  
тазалауға арналған заттардың түрлері мен қасиеттерін және олардың бұйымға әсерін;

тазалауға арналған заттарды жасаудың рецептурасын, оларды пайдалану және сақтау ережесін;

қолданылатын химиялық материалдардың шығыс нормасын.

### **Параграф 2. Дақты кетіруші, 3-разряд**

119. Жұмыс сипаттамасы:

жүннен, жартылай жүннен, мақта-мата талшығынан жасалған қоңырқай бұйымдардағы дақтарды дақ кетіру станогымен немесе қолмен кетіру. Лас жерлерді киім тазалайтын машинамен тазалау;

бұйымды сулы жуу ерітіндісімен жуу машиналарында немесе қолмен өңдеу;  
бұйымды центрифугаларда сығу;

қажетті дақ кетіруші заттарды іріктеу, химиялық қоспалар мен жуушы заттарды белгіленген рецептура бойынша жасау;

материалдың ассортиментіне, талшық құрамына және түріне, ластану деңгейіне қарай технологиялық өңдеу режимі мен тәсілін анықтау;

өңдеу тәсілі бойынша жұмыс партияларын жиынтықтау.

120. Білуге тиіс:

өңдеуге келіп түсетін бұйымдардың ассортименті мен маркировкасын;  
материалдардың түрлері мен талшық құрамын;  
орнатылған жабдықтың құрылымын;  
пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

бұйымды өңдеудің технологиялық кезектілігі мен режимін, дақ сипаттарын және жұмыс партияларын жиынтықтау ережесін;

дақ кетіруші заттарды іріктеу;

химиялық қоспалар мен жуушы заттардың түрлері мен қасиеттерін;  
олардың бұйымға әсерін;  
химиялық ерітінділерді жасаудың рецептурасы мен ережесін;  
бұйымды өңдеу сапасына қойылатын талаптарды.

### **Параграф 3. Дақты кетіруші, 4-разряд**

121. Жұмыс сипаттамасы:

жүннен, жартылай жүннен, мақта-мата талшығынан жасалған ашық түсті, табиғи жібектен, синтетикалық және аралас талшықтардан жасалған әр түсті бұйымдардағы, жасанды күдері мен жасанды күдері араластырылған құрама бұйымдардағы дақтарды дақ кетіру станогымен немесе қолмен кетіру;

лас жерлерді киім тазалайтын машинамен тазалау;

бұйымды сулы жуу ерітіндісімен жуу машиналарында немесе қолмен өңдеу;

бұйымды центрифугаларда сығу;

химиялық қоспалар мен жуушы заттарды белгіленген рецептура бойынша жасау;

материалдың ассортиментіне, талшық құрамына және түріне, ластану деңгейіне қарай технологиялық өңдеу режимі мен тәсілін анықтау.

122. Білуге тиіс:

өңдеуге келіп түсетін бұйымдардың ассортименті мен маркировкасын;

материалдардың түрлері мен талшық құрамын;

орнатылған жабдықтың құрылымын;

пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

бұйымды өңдеудің технологиялық кезектілігі мен режимін;

дақ сипаттарын және жұмыс партияларын жиынтықтау ережесін;

дақ кетіруші заттарды іріктеу;

химиялық қоспалар мен жуушы заттардың түрлері мен қасиеттерін;

олардың бұйымға әсерін;

химиялық ерітінділерді жасаудың рецептурасы мен ережесін;

бұйымды өңдеу сапасына қойылатын талаптарды.

### **Параграф 4. Дақты кетіруші, 5-разряд**

123. Жұмыс сипаттамасы:

матадан жасалған, поролонмен, кеуекті резинамен, терімен, жүнмен, және пленкалы жабынды матамен қосарланған бұйымдардан, жасанды терімен құрамаланған жасанды теріден, үлбірден жасалған бұйымдарды, табиғи теріден, күдеріден, үлбірден және табиғи терімен, күдерімен, үлбірмен құрамаланған бұйымдардан, металдандырылған люрекс жіпті бұйымдарды, синтетикадан және

аралас талшықтан жасалған, желімді және латексті негізде поролонмен қосарланған кілем бұйымдардан дақтарды дақ кетіру станогымен немесе қолмен кетіру;

бұйымды сулы жуу ерітіндісімен жуу машиналарында немесе қолмен өңдеу;

бұйымды центрифугаларда сығу. Бұйымдарды арнаулы препараттармен сіңірмелеу;

кілем бұйымдарды, жұмсақ жиһазды және көлік құралдары салондарын барып қызмет көрсету кезінде универсалды тасымалданатын қондырғымен тазалау;

химиялық қоспалар мен жуушы және сіңірмелеу заттарды белгіленген рецептура бойынша жасау;

материалдың ассортиментіне, талшық құрамына және түріне, ластану деңгейіне қарай технологиялық өңдеу режимі мен тәсілін анықтау;

наряд-тапсырысты, қажетті материалдарды алу, преysкурантқа сәйкес өңдеу ақысын алу, құжаттаманы ресімдеу және ақшаны белгіленген тәртіппен тапсыру.

124. Білуге тиіс:

өңдеуге келіп түсетін бұйымдардың ассортименті мен маркировкасын;

материалдардың түрлері мен талшық құрамын;

орнатылған жабдықтың құрылымын;

пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

бұйымды өңдеудің технологиялық кезектілігі мен режимін;

дақ сипаттарын және жұмыс партияларын жиынтықтау ережесін;

дақ кетіруші заттарды іріктеу;

химиялық қоспалар мен жуушы заттардың түрлері мен қасиеттерін;

олардың бұйымға әсерін;

химиялық ерітінділерді жасаудың рецептурасы мен ережесін;

бұйымды өңдеу сапасына қойылатын талаптарды.

### **31. Моншада қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы**

#### **Параграф 1. Моншада қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы, 1–разряд**

125. Жұмыс сипаттамасы:

келушілерге қызмет көрсету;

келушілердің кіру билеттері бойынша рұқсаттама;

оларға бос орындарды ұсыну;

сеанстың (сеанс бойынша қызмет көрсету кезінде) аяқталуы туралы ескерту;

келушілерге моншаның керек – жарақтарын беру, тиісті тауарларды іске асыру, іш киімдер мен көйлектерді шұғыл жууға алу, шағын жөндеу, үтіктеу және басқа ақылы қызмет көрсету;

келушілердің бағалы және басқа да киімдерді сақтауға қабылдау және олардың сақталуын қамтамасыз ету, мүгедектер мен қарт адамдарға көмек көрсету;

киім ілгіш орындарының, крандардың, венти́лдің, душ қондырғыларының, құбыр жолдарының, электр каминдерінің және басқа да жабдықтардың жағдайын бақылау және бұзылып тұрғандарды туралы әкімшілікке уақытында хабарлау;

жуу керек – жарақтарын тиісті тәртіпте ұстау, сабынды, булы және шешінетін бөлмешелеріндегі тазалықты қамтамасыз ету;

бу бөлмесіне бу беруді, желдеткіш жұмысының кестесін қамтамасыз ету. Пайдаланған монша қажеттіліктерін жууға тапсыру;

санитарлық және гигиеналық ережені сақтау.

126. Білуге тиіс:

моншадағы санитарлық нормалары мен қызмет көрсету ережесін;

техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғаныс ережесін;

көрсетілетін қызметтерге баға прейскурантын және моншаның ішкі тәртіп ережесін.

## **32. Ретушер**

### **Параграф 1. Ретушер, 3-разряд**

127. Жұмыс сипаттамасы:

деректі және көркем суреттердің пленкасы мен фотоқағаздарындағы ақ-қара негативтер мен позитивтердің техникалық ретуштерін орындау;

ноқаттарды, сызаттарды және түсіру және зертханалық өңдеу кезінде жіберілген басқа да ақауларды туштың, баяу мен қарындаштың көмегімен бітеу.

128. Білуге тиіс:

ақ-қара негативтер мен позитивтердің техникалық ретуштерін орындау техникасы, фотографиялық суреттерді алу негіздері;

негатив пен позитив сапасына қойылатын техникалық талаптар;

негативті және позитивті фотоматериалдардың түрлері мен қасиеті;

лактардың қасиеті және оның рецептурасы;

ақ-қара фотоматериалдардың құрылымы.

### **Параграф 2. Ретушер, 4-разряд**

129. Жұмыс сипаттамасы:

ақ-қара негативтер мен позитивтердің көркемдік ретуштерін орындау;

адамның келбетін, реңді және киімдердің бөлшектерін салу, реңді және киімнің бөлшектерін күшейту және азайту;

көшіру кезінде өндердің күрт градациялық ауысумен негативтерді ретуштеу;

портреттерді белгілеу. 13x18 см өлшемді баспаларды позитивті ретуштеу.

130. Білуге тиіс:

ақ-қара негативтер мен позитивтердің көркемдік ретушін орындаудың техникасы;

композицияның негізгі элементтері;

анатомия және бет пластикасы;

реңді күшейту және азайту тәсілдері;

портреттерді белгілеу;

шағын форматты және орташа форматты ретуштелмеген негативтерден проекциялық тәсілмен баспалар жасау;

ақ-қара фото материалдарды химиялық-физикалық өңдеу.

### **Параграф 3. Ретушер, 5-разряд**

131. Жұмыс сипаттамасы:

түсті негативтер мен позитивтердің көркемдік ретушін орындау;

негативтерді кармирлеу;

бөлшектерді аса мұқият жетілдіруді қажет ететін композициялық мәні бар эскиздердің жағындыларын жағу;

адамның келбеті шағын ауқымды топтың виньеткалардың негативтері мен позитивтерін ретуштеу, суреттердің жекелеген элементтерінің өңін түзету;

көшіру кезінде өңдердің жұмсақ градациялық ауысумен негативтерді ретуштеу;

портреттерді жекелеген кескіндер мен бөлшектерді салып және жойып ретуштеу, киімді, бас киімді, шашты өзгерту және тағы басқа;

кіші ретушті түпнұсқаларды орындау. 13x18 см артық фотобаспаларды позитивті ретуштеу;

портретті майлы бояуы бар түрлі түсті пастельмен ретуштеу.

132. Білуге тиіс:

түс танудың негізгі элементтері;

эскиздер мен жағындыларды жағу тәсілдері;

түсті негативтер мен позитивтерді пастельмен және түсті майлы бояулармен ретуштеу тәсілдері;

түсті фото материалдардың құрылымы.

### **Параграф 4. Ретушер, 6-разряд**

133. Жұмыс сипаттамасы:

ақ-қара және түсті негативтер мен позитивтерде келбеттің жартысы өшірілген зақымданған түпнұсқалардан жасалған портреттердің ретушін орындау;

әр түрлі өнді әр түрлі ауқымды бірнеше түпнұсқаларды пайдалана отырып, топтық портреттер жасау.

134. Білуге тиіс келбеттің жартысы өшірілген портреттерді ретуштеу техникасы, фототүсірілімдердің технологиясы, түсті фотоматериалдарды өңдеу технологиясы, бақылау-өлшеу аппаратурасын пайдалана отырып фотографиялық суреттердің сапасын айқындау әдістері.

### **33. Бұйымдарды кептіруші**

#### **Параграф 1. Бұйымдарды кептіруші, 3-разряд**

135. Жұмыс сипаттамасы:

бұйымдарды, тоқымаларды, мата кесінділерін кулисті кептіргіштерде, камераларда немесе барабандарда кептіру процесін жүргізу;

бұйымды ілеспе құжат бойынша қабылдау және жұмыс орнына жеткізу;

бұйымды сілкілеу және барабанға салу немесе кулисті кептіргіштер мен камералардың кронштейндеріне технологиялық нұсқамаға сәйкес ілу;

материалдың ассортиментіне, талшық құрамына және түріне қарай технологиялық кептіру режимі мен тәсілін анықтау;

кептіргеннен кейін бұйымды түсіріп алу;

келесі технологиялық операцияға жіберу.

136. Білуге тиіс:

кептіруге келіп түсетін бұйымдардың ассортименті мен маркировкасын;

материалдардың түрлері мен талшық құрамын;

кептіру қондырғысының құрылымын;

пайдалану және қызмет көрсету ережесін;

кептірудің технологиялық режимін;

бұйымды ілу, салу және түсіріп алу ережесін;

кептіру сапасына қойылатын талаптарды.

### **34. Фотозертханашы**

#### **Параграф 1. Фотозертханашы, 2-разряд**

137. Жұмыс сипаттамасы:

әр түрлі тәсілдермен түрлі шәкілді жөнделген аппараттарда ақ-қара техникалық фото баспаларды, шыныда, металда, қағазда жазбалар мен басқа да суреттеді орындау;

жуғыш құрылғыларды жұмысқа дайындау;

толық жуылуын тексеру. Рентген пленкасын фото өңдеу;

ақ-қара негативтер мен позитивтерді өңдеу үшін дайын рецептер бойынша ерітінділер жасау;

жуу және өңделетін пластиналардың бетіне эмульсия қабатын жағу;  
айқындау, белгілеу және бояу ванналарының белгіленген режимдерін сақтау;  
сыртқы түрі бойынша басу сапасын айқындау;  
фото қағаз немесе баспа ақаулары бар баспаларды өңдеу;  
рентген пленкасын өңдеу үшін ерітінділер дайындау;  
рентгенге түсіруге арналған кассеталарды дайындау және зарядтау;  
баспаларды кептіру, орау, кесу, сәтендеу және жабыстыру;  
жартылай автоматта және қолмен фото қағаздардың орамаларын кесу.

138. Білуге тиіс:

баспаларды жуу технологиясы, фото баспаларды жууға, кептіруге және сәтендеуге арналған жабдықтар;

фото химия негіздері;

фото қағаздың ассортименті мен сипаттамасы;

проекциялық аппаратура мен байланыс станоктарының түрлері мен міндеті, оларды пайдалану ережесі;

оптикалық аспаптардың мақсаты;

құрылымы және оларды пайдалану ережесі;

фото баспаларды ұстау;

айқындау және белгілеу режимі;

фото материалдар мен рентген пленкасын сақтау шарттары және пайдалану ережесі;

кассеталарды зарядтау тәсілдері;

фото химикаттармен жұмыс істеу ережесі;

ақ-қара фото материалдардың құрылымы.

## **Параграф 2. Фотозертханашы, 3-разряд**

139. Жұмыс сипаттамасы:

стационарлық қондырғыларда әр түрлі тәсілдермен ақ-қара техникалық фото баспаларды;

құжаттарға, схемалар мен суреттерге арналған түсірілімдерді орындау басу;

айқындау және эмульсия қабатын бояулармен бояу режимдерін белгілеу;

нитробояулар мен басқа да бояғыштардың түрлі түстерін жасау;

белгіленген эталон бойынша бірнеше фото баспалардың негативінен проекциялық басу;

рентген пленкасының қалыңдығына қарай оны айқындау және белгілеу уақытын айқындау;

микрофотометрдің көмегімен негативтің қараю тығыздығын айқындау;

ақ-қара негативтер мен позитивтерді өңдеу үшін ерітінділер жасау;

фото баспаларды жалтырату.

140. Білуге тиіс:

ақ-қара фото материалдарды өңдеу технологиясы басуға және үлгілерді, репродукцияларды, схемаларды;

суреттерді фото химиялық процеспен айқындау, қағаздағы, шыны мен металдағы көрсеткіштердің құрылғысы мен міндеті;

қолданылатын жабдықтар мен бақылау-өлшеу аспаптарының міндеті;

суретке түсіру және рұқсат етілген мүмкіндіктерді айқындау;

түсті фотографияның негізі, сорты, фотопластинкалар мен рентген пленкаларының қасиеті, жарықтың қызметі;

рентген пленкасына түсетін рентгендік және гамма сәулелер, күшейткіш вольфрам экрандарының міндеті мен қасиеті;

ауыр металл фольгасынан экрандар;

сапасыз экрандар мен фольгадан негативтерде ақаулардың пайда болу себептері;

суреттік қараю тығыздығын айқындау;

суреттердің сапасына әсер ететін факторлар;

арнайы бояғыштармен бояу процесі, фотооптика, айқындайтын және белгілейтін ерітінділердің рецептурасы және олардың қасиеті;

фото аппараттардың, экспонетрлердің, жалтыратқыш машиналардың құрылғысы және оларды пайдалану ережесі.

### **Параграф 3. Фотозертханашы, 4-разряд**

141. Жұмыс сипаттамасы:

әр түрлі әдістермен ақ-қара көркем және түсті техникалық фотобаспаларды орындау;

рецепттер бойынша өңдеуші ерітінділерді жасау;

ақ-қара негативтер мен позитивтерге өң беру, бояу, күшейту және азайту;

ақ-қара негативтер мен позитивтерді техникалық ретушьтеу;

түсті негативтер мен диапозитивтерді айқындау;

арнайы жабдықтарда аса үлкейткіштерді (фото рең беру) жасау;

проекциялық аппаратуралар мен байланыс станоктарын реттеу;

негативтен ақ-қара контратип жасау.

142. Білуге тиіс:

түсті негатив пен диапозитивті өңдеу технологиясы;

өң беруге, өңді азайтуға арналған әр түрлі ерітінділер дайындаудың рецептурасы;



ақ-қара фотографияларды өңдеуге арналған жарық сезгіш эмульсиялар мен ерітінділер;

негативті және позитивті фото материалдарды өңдеуге арналған химиялық реактивтердің қасиеті.

#### **Параграф 4. Фотозертханашы, 5-разряд**

143. Жұмыс сипаттамасы:

әр түрлі тәсілдермен түсті көркем фотобаспаларды орындау;

түсті негативтер мен позитивтерді айқындау;

проекциялық басу кезінде түсті негативтерді өңдеуде кеткен ақауларды түзету;

негативтен түсті репродукциялық контратип жасау, көшірме жұмыстарды орындау;

ауқымды, қосарлы баспа, басқа сюжеттерді біріктіру және қоса басу, аса үлкейту;

фотобаспа кезінде түсті түзеу;

түсті негативті және позитивті фото материалдарды өңдеуге арналған ерітінділер жасау;

рецепттер бойынша өңдеуші ерітінділер жасау;

түсті негатив пен позитивті күшейту және азайту.

144. Білуге тиіс:

рецептура дайындау және түсті фотобаспаларды азайтуға әрі өңдеуге арналған әр түрлі өңдеуші ерітінділерді дайындау технологиясы;

түсті негативті мен позитивті фото материалдарды өңдеуге арналған жабдықтардың құрылғысы;

түсті негативтерді түзету тәсілі;

түсті фото материалдардың сипаттамасын айқындауға арналған бақылау-өлшеу аппаратурасы.

### **35. Фотограф**

#### **Параграф 1. Фотограф, 3-разряд**

145. Жұмыс сипаттамасы:

павильонда құжаттарға фото түсіру;

штрихты жазық түпнұсқалардан репродукциялау;

әр түрлі жүйелердің кассеталары мен фотоаппараттарын негативті материалдармен зарядтау;

ақ-қара негативті фото материалдарды айқындау, белгілеу, жуу және кептіру;

айқындайтын және белгілейтін ерітінділер жасау. құжаттарға арналған суреттерді ретушьтеу және фотоға басу;

тапсырыстар бойынша негативтерді бөлшектеу.

146. Білуге тиіс:

құжаттарға фотоға түсіру және жарық берудің негізгі схемалары;

ақ-қара негативті фото материалдарды өңдеу үшін қолданылатын айқындайтын және белгілейтін ерітінділердің рецептурасы;

түсіру кезінде қолданылатын жабдықтар, ақ-қара фото материалдардың құрылымы.

## **Параграф 2. Фотограф, 4-разряд**

147. Жұмыс сипаттамасы:

бір портретті, үлкен емес топты, балаларды павильонда және тұрақты түсіру алаңында ақ-қара фото материалдарға фотоға түсіру;

көшпелі жағдайларда жылжымайтын объектілерді технологиялық түсіру;

жазық және көлемді түпнұсқаларды ақ-қара бейнеде суретке түсіру;

стационарлық жағдайларда макро түсіру;

негативті ретушь және фотоға басу;

аппаратура мен оптиканы тексеру.

148. Білуге тиіс:

портреттерді түсіру техникасы, композиция негіздері, жарық беруді ұйымдастыру ережесі, қолданылатын фото камералардың сипаттамасы;

олардың оптикасы, арнайы репродуктивті тіреуіштер;

ұзартқыш сақиналар және саптамалы линзалар;

қолданылатын жарық сезгіш фото материалдардың сипаттамасы;

павильонның негізгі өлшемі;

оның алаңын тиімді пайдалану, ақ-қара негативті және позитивті фото материалдарды өңдеудің технологиясы, негативті ретушьтің техникасы;

ақ-қара фото материалдардың сипаттамасын айқындау үшін бақылау-өлшеу аппаратурасымен жұмыс істеу;

ақ-қара фото материалдарды механикалық және автоматтандырылған түрде өңдеуге арналған жабдықтар;

түсті фото материалдардың құрылымы.

## **Параграф 3. Фотограф, 5-разряд**

149. Жұмыс сипаттамасы:

павильонда және басқа жерде бір және топтық портреттерді түсті фото материалдарда көркемдік фотоға түсіру;

сәулеттерді, интерьерлерді, жылжымалы объектілерді, өндірістік процестерді фотоға түсіру. Микротүсірім.

түрлі түсті бейнеде стационарлық және көшпелі жағдайларда көп түсті жазық және көлемді түпнұсқаларды фотоға түсіру;

фототүсірімдер мен негативтерді өңдеу.

150. Білуге тиіс:

көркемдік фото суреттердің техникасы, көркемдік фотографиялардың түрлері , қолданылатын жарық фильтрлерінің спектрлі сипаттамасы;

бейненің суретін жұмсарту үшін әр түрлі саптамалар мен диффузорлар қолдану;

негативтер мен фотобаспалардың сапасына қойылатын техникалық талаптар;

ақ-қара фотоматериалдар мен фотобаспалардың негативті және позитивті ретушьтерінің барлық түрі;

түсті фото материалдарды өңдеу технологиясы;

түсті фото материалдарды механикалық және автоматтандырылған түрде өңдеуге арналған жабдықтар.

#### **Параграф 4. Фотограф, 6-разряд**

151. Жұмыс сипаттамасы:

панорамалық, стереоскопиялық және растрлық фототүсірім;

адамның жеке ерекшеліктері мен топ құрамына қарай жарық беру түрін таңдау.

152. Білуге тиіс:

тұстану элементтері, көркемдік портреттік фотографияда түсті пайдалану ережесі;

түсіру кезінде кемшіліктерді жоюға арналған оптикалық құралдар;

түсті фото материалдардың сипаттамасын айқындау үшін бақылау-өлшеу аппаратурасымен жұмыс істеу;

түрлі түсті фото басуды және ретушті орындау.

### **36. Униформашы**

#### **Параграф 1. Униформашы, 4–разряд**

153. Жұмыс сипаттамасы:

манежді құралдандыру: аппаратуралардың құрылымы мен салпыншақтарына реквизит беру;

көрсетілім және дайындық уақытында әртістерді сақтандыру және пассировка жасау;

нөмірлер мен аттракцион дайындығын өткізу, клоундардың кілемдік қайталымдарына қатысу;

манежге аңдарды шығару және оларды сахнаның сыртында қабылдау, тордағы аңдармен, реквизит, аппаратура және басқа да цирк мүліктері мен цирк алаңында тасымалдау.

154. Білуі тиіс:

аңдармен араласу ережесін;

аппаратуралардың салпыншақтары мен құралымдарының жүйелерін, реквизиттерді пайдалану ережесін;

түйіншектердің түрлерін және қанатты тоқу тәсілдерін;

жүк көтергіш механизмдері мен ыңғайлылығының құрамы мен пайдалануын; қауіпсіздік техникалары мен өртке қарсы шаралардың ережесін.

## **37. Фильм тексеруші**

### **Параграф 1. Фильм тексеруші, 3–разряд**

155. Жұмыс сипаттамасы:

бөлек бетінің, метражын, жапсырылғанның саны мен сапасының жағдайын тексеру негізінде әр бөлігі бойынша пайдаланудағы 35 – және 16 миллиметрлік фильм көшірмесінің техникалық жағдайын анықтау;

әр бөліктің техникалық жағдайының дәрежесін анықтау;

ағымды жөндеу және фильм көшірмесін тазалау;

қорғау түйіні мен ракорды түзету, толықтыру және ауыстыру;

стандартты емес және ақау жапсырылған, фильмді жаңадан жапсыру, тесіп қию, қайтадан жасау;

әр фильмнің көшірмесіне техникалық паспорт және ақау карточкаларды толтыру;

бөлек қораптардағы фильмнің көшірмесін, фильможаттардағы және арнайы дымқылдау камераларын дымқылдату.

156. Білуі тиіс:

позитивті кинотаспаның түрлерін, форматтың және негізгі тәсілдерін, фильмді тексеру столының, дыбысты құрастыру столының және фильмді тазалау машиналарының құралын;

фильмнің көшірмесіндегі ақаудың техникалық жағдайын анықтау үшін аспаптар мен құралдарды;

фильмнің көшірмесін дымқылдату құралдарын, фильможат құралдарын, нұсқауды орнатуға 35 – 16 миллиметрлік фильм көшірмесінің техникалық жағдайын.

## **Параграф 2. Фильм тексеруші, 4–разряд**

157. Жұмыс сипаттамасы:

бетінің, тесілуінің, жапсырылғанның саны мен сапасын, рендік қасиеті мен айқындық жағдайын бақылау негізінде әр бөлік бойынша пайдаланудағы 70 миллиметрлік фильм көшірмесінің техникалық жағдайын анықтау;

құрастыру жоспарын құрастырады парағымен салыстыру;

түзетулерді енгізгеннен кейін қажетті жағдайларда фильмнің көшірмесін құрастыру;

пайдаланудағы фильм көшірмесінің жолдарын жапсыру;

тозуда, жоғалтуда және бүлдіруде басты нормативтік актілерді, техникалық пайдаға жарамсыз фильмнің көшірмесін шығару актілерін құру.

158. Білуі тиіс:

фильмнің көшірмесін техникалық пайдалану ережесін;

дыбысты құрастыру столының және фильмді тазалау машиналарын тағайындауын және құрастыруын;

құрастырылған парақтармен фильм көшірмесін салыстыру тәсілін;

тесілген жолдарды жапсыру техникасын;

брактарды топтастыру түрін және олардың пайда болу түрін.

## **Параграф 3. Фильм тексеруші, 5–разряд**

159. Жұмыс сипаттамасы:

"Норм – Кино" ракорд талаптарына сәйкес әр бөлігі бойынша бөлек бетін, тесілуін, метражды, жапсырылудың саны мен сапасын, ілеспені, геометрия мөлшерін, бейне мен фонограмманың жиілік жағдайын тексеру негізінде киноны көшіру фабрикасынан алынған жаңа фильмді көшірудің техникалық жағдайын анықтау;

техникалық тозғандардың ішінен фильмнің көшірмесін құрастыру және жинақтау;

пайдаланудағы фильмді көшіру түрлі – түсті балансын анықтау;

өзгеріп кетуіне байланысты түсті бұрынғы қалпына келтіру немесе демонстрациядан алу үшін түрлі – түсті фильмнің көшірмесін таңдау;

жарамсыздықтың түріне байланысты оның сипаттамасын қалпына келтіру және анықтау үшін фильмнің көшірмесін таңдау;

калпына келтіргеннен кейін фильмді көшірудің техникалық жағдайын анықтау;

кинотеатрда көріністік және дөңгелек кино көріністерін бейне және магнит фонограммаларымен үш таспаны кірістіру;

көріністегі фильмнің көшірмесі мен фонограммасының тозғаның және жөндеуді есептеу;

киноны көшіру фабрикасының өніміне өтінішті әзірлеу;  
төменгі санаттағы фильмді тексерушілермен басшылық ету.

160. Білуі тиіс:

фильмнің көшірмесіне түрлі – түсті және қара;  
ақ кең форматты, көріністі және стереоскоптық техникалық жағдайын;  
техникалық тозғаннан фильмнің көшірмесінің технологиясын;  
құрастыру парағына сәйкес фильм көшірмесінің құрастыруын;  
бейне мен дыбыс ілеспесінің негізін;  
фильм көшірмесінің өзгеру дәрежесін анықтаудың ұсынуын;  
қызмет көрсету жабдығын тағайындауы мен құрылымын;  
нитротаспалар негізін ажырату нышанның;  
бүліну түрлерін қалпына келтіру жолдары мен жоюын;  
фильмді жалға алу және пайдалану ережесін.

Жұмысшылардың жұмыстары мен  
кәсіптерінің  
бірыңғай тарифтік-біліктілік  
анықтамалығының  
(62-шығарылым) 1-қосымшасы

## Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші

№ р/с	Кәсіптердің атауы	Разрядтар диапазоны	бет
1.	Іш киімдерді кептіру қондырғыларының аппаратшысы	2-3	2
2.	Химиялық бояу аппаратшысы	3-5	3
3.	Кілем бұйымдарды тазалау аппаратшысы	3-5	5
4.	Мамық-қауырсын бұйымдарды тазалау аппаратшысы	4	6
5.	Үтіктеуші	1-4	7
6.	Сәнді шаш үлгілерін көрсетуші	2	10
7.	Киімдерді жиынтықтаушы	2-3	10
8.	Бұйымдарды жиынтықтаушы	2-3	12
9.	Бұйымдардың өңделу сапасын бақылаушы	3	13
10.	Киімді өңдеудің сапасын бақылаушы	3	14
11.	Косметик	3-4	14
12.	Бояушы	3-5	15
13.	Тырнақты әдемілеуші	2	16
14.	Салт жоралар көрсету жабдықтарының машинисі	2	17
15.	Бала бағушы	3-4	17
16.	Фотобаспаларды жиектеуші	2-3	18
17.	Түпнұсқаларды контурлаушы	2-3	19

18.	Өзіне өзі қызмет көрсететін кір жуу орнының операторы	4	19
19.	Жуу машинасының операторы	2-5	20
20.	Фотоавтоматтардың операторы	4-5	23
21.	Бас киімдерді өңдеу	4	23
22.	Центрифугада кір сығушы	2	24
23.	Булаушы-престеуші	3-4	25
24.	Виньетка мен альбом тақталарын рәсімдеуші	3-4	26
25.	Шаштараз	3-5	27
26.	Педикюрші	2	28
27.	Кірді үтіктеуге дайындаушы	1-2	28
28.	Жуу ертінділерін дайындаушы	3	29
29.	Тапсырыстарды қабылдаушы	1-2	29
30.	Жалға беру пунктiнiң қабылдаушысы	1-2	30
31.	Дақты кетiрушi	2-5	31
32.	Моншада қызмет көрсету жөнiндегi жұмысшысы	1	34
33.	Ретушер	3-6	35
34.	Бұйымдарды кептiрушi	3	37
35.	Фотозертханашы	2-5	37
36.	Фотограф	3-6	40
37.	Униформашы	4	42
38.	Фильм тексерушi	3-5	42